

The logo consists of a large, stylized yellow 'K' shape on a dark blue background. The 'K' is composed of several geometric blocks: a top horizontal bar, a vertical stem, and a bottom horizontal bar that is slightly offset to the right.

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

A thick, white diagonal line starts from the right edge of the page and extends towards the bottom left, creating a sense of movement and division.

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

МАЗМҰНЫ

Қолданылатын қысқартулар

Қор Төрағысының үндеуі

I.	Қор туралы	6
1.1.	Қызметтің негізгі принциптері	7
1.2.	Корпоративтік басқару	8
1.3.	Консультациялық кеңес	9
	2018 жылды сандармен және фактілермен көрсету	10
II.	2018 жылы депозиттік нарықтың даму үрдісі	11
2.1.	Депозиттік нарық	12
2.2.	Депозиттік базаны долларсыздандыру	13
2.3.	Қорландырудың тұрақты базасын қалыптастыру	14
III.	2018 жылғы Қор қызметінің нәтижелері	16
3.1.	Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің тиімділігі	17
3.2.	Арнайы резервті қалыптастыру	18
3.3.	Банктерді тарату және кепілдік берілген өтемді өтеу	20
3.4.	Қоғаммен байланыс	21
3.5.	Қордың халықаралық ынтымақтастығы	23
IV.	2019 жылға арналған перспективалық даму бағыттары	25
4.1.	Қордың өкілеттіктерін ұлғайту	26
4.2.	Кепілдік берілген өтемді төлеу тетігін жетілдіру	26
4.3.	Кепілдік берілген өтемді төлеу тетігін жетілдіру	26
4.4.	Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы - банктердің тәуекел-бейінін бағалауды жетілдіру	27
4.5.	Қатысушы банктердің есептерін жинау процесін оңтайландыру	27
V.	Қаржылық есептілік	28

Қолданылатын қысқартулар

Агент-банк - депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын және депозиторларға кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша рәсімдерді орындайтын банк

Қатысушы банк - депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне кіретін банк

Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы Заңы - Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңы

ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

ДКБЖ – депозиттерге кепілдік беру жүйесі

Қор – Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры

IADI – International Association of Deposit Insurers (Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы)

Төрағаның үндеуі

Құрметті әріптестер, достар, серіктестер!



2018 жыл Қор үшін өте мазмұнды әрі қызықты болды, және бұл жылды бірнеше банктерді бір мезгілде тарату жағдайында салымшылармен жұмыс істеудің қолданыстағы тәртібінде кемшіліктер және Қордың қызметін жетілдіру бойынша мүмкіндіктер анықталған өзгерісті жыл ретінде сипаттауға болады.

2017 жылы Мемлекет басшысы мен ҚРҰБ жариялаған банк секторын реттеуді қатаңдатуудың және банктердің меншікті капиталына қойылатын талаптарды арттырудың жалпы бағытына байланысты, акционерлер өз ұйымдарын капиталдандыруға немесе біріктіру және қарамағына алу мәмілелерін жүргізуге мүмкіндік таппаған банктерді мәжбүрлеп тарату жолымен нарықтан кету мүмкіндіктері күтілген болатын.

Осы жағдайда Қордан кепілдік берілген өтемді төлеу үшін жеткілікті қаражаттың болуы мен сақталуын қамтамасыз ету талап етілді. Осы мақсатта Қор қатысушы банктердің тәуекел-бейінінің мониторингі үшін белгіленген мәліметтер тізбесі негізінде банктердің қаржылық жағдайын тұрақты негізде қадағалайды. Осы бағалауды ескере отырып, қандай да бір банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда Қордың кепілдік төлеу бойынша күтілетін міндеттемелері туралы болжам қалыптастырылады және сәйкесінше депозиттерге кепілдік беру жүйесіне кіретін банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының мөлшері анықталады. Сонымен қатар, Қордың кредиттік тәуекелдерін неғұрлым объективті бағалау және банктердің төмендетілген

мөлшерлемесі бойынша жарналар төлеу ықтималдығын болдырмау үшін рейтингілеу моделін одан әрі жетілдіру және қатысушы банктердің есептері мен мәліметтерін алу процесін оңтайландыру талап етіледі.

Қордың кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша күтілетін міндеттемелерінің мөлшерін айқындау үшін ғана емес, сонымен қатар сақтандыру жағдайы басталған жағдайда тұтастай төлемді жедел ұйымдастыру үшін банктердің қызметіне неғұрлым терең жүгіну және банктер депозиторларының дұрыс тізілімін қалыптастыруды қамтамасыз ету керек. Қордың банктік құпияны құрайтын мәліметтерге қол жеткізуін кеңейту талап етіледі. Бұл шара банкте қаржылық қиындықтар туындағанға дейін ерте кезеңде инспекция барысында банк қызметіндегі олқылықтар мен тәуекелдерді анықтауға мүмкіндік берер еді.

2018 жылы «Казинвестбанк» АҚ (2016 жылдың желтоқсанында лицензиясынан айырылды) және «Delta Bank» АҚ (2017 жылдың қарашасында лицензиясынан айырылды) таратылатын банктердің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу басталды. Сонымен қатар, 2018 жылы ДКЖ қатысушы үш банктің лицензиялары қайтарылып алынды: «Qazaq Banki» АҚ, «Астана Банкі» АҚ және «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ. 2018 жылдың 24 желтоқсанынан бастап «Qazaq Banki» АҚ таратылатын банкінің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу басталды, оны «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ банк-агенті жүргізген. «Астана Банкі» АҚ және «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ таратылатын банктердің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу оларды мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі күшіне енген күннен бастап 2018 жылдың 31 желтоқсанынан кейін жүзеге асырылды.

Қор агент - банктермен бірлесіп ҚРҰБ қолдауымен төлем процесін ұйымдастыруды табысты аяқтады: таратылатын банктердің салымшылары үшін осы процестің қолайлылығын, жеделдігін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған барлық мүмкін болатын шаралар қабылданды. Алайда, бұрынғыша кепілдік берілген өтімді төлеуге өтініш білдірмеген азырақ қалдықтары сомасы бар салымшылардың үлесі жоғары болып қалуда, осыған байланысты төлемдер процесін оңайлату және автоматтандыру қажеттігі туындайды.

Банк секторында болып жатқан оқиғалар аясында салымшылардың ықтимал үрейленуін болдырмау және банк жүйесінің тұрақтылығын сақтау үшін Қордан халықты депозиттер бойынша кепілдік жайында хабардар етудің белсенді саясатын жүргізу, проблемалы банктер бойынша сот өндірісінің барлық процесін ашық хабардар ету және кепілдік берілген өтемді төлеуді ұйымдастыру талап етілді. Қор қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және қолайлы байланыс арналарын құру үшін Қор байланыс орталығын іске қосуды жүзеге асырды, Қордың бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде қатысуы артты. Сонымен қатар, біз Қордың міндеті халықтың депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы хабардар болуын арттыру ғана емес, сонымен қатар банк салымшыларының қаржылық сауаттылығы деңгейін арттыруға бағытталған жұмыстарды жүргізу болып табылатынын түсіндік.

2018 жылдың тәжірибесі Қордың келешектегі қызметі үшін перспективалардың көптеген спектрін ашты және қаржы жүйесінің тұрақтылығын қолдау және Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында депозиттерге кепілдік беру жүйесін реформалау мен жетілдіру жұмыстары бойынша бастапқы нүктеге айналды. Біз 2019 жылғы белсенді жұмыс нәтижелері бойынша депозиттерге кепілдік берудің отандық жүйесінде алғышарттары өткен жылы қойылған айтарлықтай оң өзгерістерді көре аламыз деп сенеміз.


Құрметпен,
Нұрлан Абдрахманов
«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Төрағасы

I. ҚОР ТУРАЛЫ

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1999 жылғы 15 қарашадағы № 393 қаулысына сәйкес, экономикалық дағдарыстан кейін елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығын қолдау мақсатында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің бастамасы бойынша

1999 жылғы қарашада құрылды.

Қор акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында әрекет етеді. Қордың құрылтайшысы және жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады.



Қордың миссиясы

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуде және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері депозиторларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда тиімді қатысушы болуға тиіс.

Дүниетанымдық тұжырымдама

Қор ұмтылады:

- депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйесі үшін негіз қалаушы қағидаттарға сәйкес келу;
- үздік әлемдік тәжірибені пайдалана отырып, миссияны іске асыру.

Стратегиялық міндеттер

- Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысу.
- Қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда кепілдік берілген депозиттер депозиторларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Қызметтің негізгі принциптері

- депозиттер қабылдауды, жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің банктік шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын банктердің депозиттерге кепілдік беру жүйесіне міндетті қатысуы;
- депозиттерге кепілдік беру жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету;
- депозиттерге кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеуіне байланысты тәуекелдерді төмендету;
- салымшыларға – Жеке тұлғаларға және жеке кәсіпкерлерге кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резервті қалыптастырудың жинақтаушы сипаты.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген міндеттерді орындау үшін **Қор мынадай функцияларды орындау үшін:**

- қатысушы банктің салымшыларына - жеке тұлғаларға кепілді өтем төлейді;
- депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің тізілімін жүргізеді;
- өз активтерін инвестициялайды;
- кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резервті қалыптастырады;
- конкурстық негізде банк-агентті таңдайды;

- қатысушы банкті консервациялау кезеңінде тағайындалған уақытша әкімшіліктің құрамына қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізуге лицензиядан айыру кезеңінде қатысады;
- тарату комиссиясы төленген (төленетін) кепілдік берілген өтем сомасы бойынша берешекті өтеген сәтке дейін мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің тарату комиссиясының құрамына қатысады;
- тарату комиссиясы төленген (төленетін) кепілдік берілген өтем сомасы бойынша берешекті өтеген сәтке дейін қатысушы-банктің кредиторлар комитетінің құрамына қатысады;
- қатысушы банктердің жарналардың мөлшері мен төлеу тәртібін анықтайды, жарналардың толық және уақтылы төленуін бақылауды жүзеге асырады;
- қосылу шартының талаптарын анықтайды.

Кепілдік сомасы мен объектілері

Кепілдік объектілері банк клиенттерінің – жеке тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің төлем карточкаларындағы салымдар, ағымдағы шоттар және ақша кепілдік объектілері болып табылады. Талап етілгенге дейінгі пайызсыз Депозиттер және ислам банктерінде орналастырылған инвестициялық депозиттер ерекшелік болып табылады. Қор кепілдік берілген депозиттер бойынша есептелген сыйақысыз депозит бойынша қалдық сомасында тек ұлттық валютада ғана кепілдік берілген өтем төлейді (банктік салым шартына сәйкес капиталдандырылатын сыйақыны қоспағанда), бірақ одан көп емес:

- **5 миллион теңге** – шетел валютасындағы депозиттер бойынша (баламасы);
- **10 миллион теңге** – ұлттық валютадағы депозиттер бойынша;
- **15 миллион теңге** – теңгемен жинақ салымдары бойынша

Қатысушы банкте депозитор – жеке тұлғада түрлері мен валютасы бойынша әртүрлі бірнеше кепілдік берілген депозиттер болған кезде кепілдік берілген өтем 15 миллион теңгеден аспайтын сомада төленеді. Бірнеше қатысушы банктерде орналастырылған бір жеке тұлғаның салымдары мен шоттарына жеке кепілдік беріледі.

Корпоративтік басқару

Қордың құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады. Жалғыз акционер ретінде ҚРҰБ Қордың жоғары басқару органының функцияларын жүзеге асырады. ҚРҰБ Төрағасының бұйрығына сәйкес Акционердің құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешімдерді ҚРҰБ Төрағасының орынбасары Құрманов Жанат Бостанович¹ қабылдайды. Қордың Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің төрағасынан, тәуелсіз директордан және Қордың Төрағасынан² тұрады.

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесі (2019ж.01.01)

Смоляков Олег Александрович	Абдрахманов Нұрлан Алмасович	Таджияков Бисенгали Шамғалиевич
Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы ҚРҰБ Төрағасының орынбасары	Төрағасы	Тәуелсіз директор
2018 жылы Директорлар кеңесінің 25 отырысы өткізілді. Директорлар кеңесінің жанында: • Даму стратегиясын, кадрларды, сыйақы және әлеуметтік мәселелерді әзірлеу жөніндегі, тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет; • Аудит жөніндегі комитет. Қордың директорлар кеңесінің 2018 жылғы қызметінің қорытындысы • Директорлар кеңесінің комитеттері туралы жаңа Ереже бекітілді, оған сәйкес Директорлар кеңесінің бұрын қолданыста болған комитетінің құзыреті жоғарыда аталған екі комитеттің арасында бөлінген; • Депозиттердің жаңа желісін енгізуге және депозиттер бойынша сараланған шекті мөлшерлемені белгілеуге байланысты жаңа редакцияда жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша ең жоғары сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және белгілеу әдістемесі бекітілді; • Жеке тұлғалардың жаңадан тартылатын депозиттері бойынша ең жоғары ұсынылатын сыйақы мөлшерлемесі бекітілді (үш рет); • Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшері мен төлеу тәртібін анықтау Ережесіне және қосылу шартына өзгерістер мен толықтырулар: - банктердің қағаз тасымалдағыштағы есеп беруін жою және есептілікті электрондық ұсынуға көшу; - есептердің жеке нысандарын алып тастау; - есеп беру бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамағаны үшін банктердің жауапкершілігін жеңілдету; - басқа банкке қосылу нысанында ерікті түрде қайта құру процесіндегі банк есеп беру және жарна төлеу. • ХҚЕС 9 енгізу шеңберінде кепілдік берілген өтемді төлеуге байланысты қаржылық кепілдіктерді жабу үшін резервтерді есептеу әдістемесі бекітілді; • ДКЖ қатысушы банктерінде кепілдік берілген	депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының жаңадан тартылған депозиттер бойынша сыйақы ставкаларын есептеудің дұрыстығы мәніне банктерді тексеруді жүргізу бөлігінде қор аймақтарына сәйкестігін белгілеу ережесіне өзгерістер мен толықтырулар бекітілді; • Мынадай мәжбүрлеп таратылған банктерді: «Казинвестбанк» АҚ, «Delta Bank» АҚ, «Qazaq Bank» АҚ, «Астана Банк» АҚ және «Қазақстан Эксимбанк» АҚ төлеу бойынша агент - банкті таңдау жөніндегі конкурстардың қорытындылары бекітілді; • «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2018 жылға арналған тексеру жоспары бекітілді; • Мерзімдік негізде Ішкі аудит қызметінің, тәуекел-менеджердің есептері қаралды; • ІАДІ Атқарушы кеңесінің 57-ші мәжілісін «ҚДКБҚ» АҚ өткізу мақұлданды; • Қордың 2017 жылғы жылдық қаржылық есептілігі алдын ала бекітілді; • 2018 жылға арналған «ҚДКБҚ» АҚ Бизнес-жоспарына (жылдық бюджетке) өзгерістер бекітілді; • ХҚЕС 9 бойынша қаржы құралдарын есепке алу бөлігінде қордың есеп саясатына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді; • Инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарының, шетел валютасында номинацияланған қаржы құралдарының тізбесінен алып тастау бөлігінде «ҚДКБҚ» АҚ -ның инвестициялық саясаты мен инвестициялық стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді; • 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексінің қолданысқа енгізілуіне байланысты «ҚДКБҚ» АҚ-ның салықтық есеп саясаты жаңа редакцияда бекітілді; • 2012-2016 жылдарға арналған «ҚДКБҚ» АҚ Даму жоспарын орындау бойынша есеп бекітілді (2017 үшін), 2017-2021 жылдарға арналған Қордың Даму жоспарына түзетулер енгізілді; • «ҚДКБҚ» АҚ-ның 2019 жылға арналған Бизнес-жоспары (жылдық бюджеті) бекітілді.	

1 2019 жылдың 17 сәуірінен бастап Акционердің құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешімдерді ҚРҰБ Төрағасының орынбасары Биртанов Есжан Амантаевич қабылдайды

2 2019 жылдың 15 мамырынан бастап Қордың жаңа төрағасы болып Баймағамбетов Ақылжан Маликович тағайындалды

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Консультативтік кеңесі

«ҚДКБҚ» АҚ Консультативтік кеңесі - бұл депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің мүдделерін білдіретін және олардың өкілдерінен құрылған алқалы консультативтік орган.

Консультативтік кеңестің алдында мынадай негізгі міндеттер тұр:

- қатысушы-банктер тұрғысынан Қазақстан Республикасындағы депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарды әзірлеу және қарау;
- «ҚДКБҚ» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын қосылу шартына өзгерістер мен толықтырулар жобаларын, міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды және Қордың басқа да актілерін төлеу тәртібі мен мөлшерін анықтау ережесін алдын ала қарау;
- Қордың Директорлар кеңесіне мерзімдік негізде шығарылатын жеке тұлғалардың жаңадан тартылатын депозиттері бойынша сыйақының ең жоғары мөлшерлемесінің мөлшерін алдын ала қарау;
- қатысушы банктердің қосылу шарты шеңберінде өз міндеттемелерін орындауы барысында туындауы мүмкін түсініспеушіліктерді, дәлсіздіктер мен қайшылықтарды жою бөлігінде ұсыныстар әзірлеу;
- қатысушы банктердің қосылу шартында көзделген өз міндеттемелерін орындамауының ықтимал жағдайларының жолын кесу бөлігінде, оның ішінде жарналар мен айыппұлдарды төлеу бойынша ұсынымдар әзірлеу.

«ҚДКБҚ» АҚ Консультативтік кеңесінің мүшелері жыл сайын депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің қорытынды отырысында сайланады. Консультативтік кеңестің төрағасы Кеңес мүшелерінің арасынан жыл сайын сайланады. 2018 жылы Консультативтік кеңестің төрағасы болып «Қазақстан Халық Банк» АҚ өкілі сайланды.

2018 жылы «ҚДКБҚ» АҚ Консультативтік кеңесінің құрамына депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы он банктің өкілдері кірді:

1) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (Консультативтік

кеңестің төрағасы);

2) «Forte Bank» АҚ;

3) «Kaspi Bank» АҚ»;

4) «Еуразиялық банк» АҚ»;

5) «Банк ЦентрКредит» АҚ»;

6) «Казкоммерцбанк» АҚ»;

7) «Цеснабанк» АҚ»;

8) «Сбербанк» АҚ ЕБ;

9) «АТФБанк» АҚ»;

10) «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ.

2018 жылғы қарашада «ҚДКБҚ» АҚ Консультативтік кеңесі туралы Ережеге өзгерістер бекітілді. Оған сәйкес 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап 10-нан 12-ге дейін «ҚДКБҚ» АҚ Консультативтік кеңесінің қатысушы-банктерінің саны ұлғайтылды.

2018 жылғы «ҚДКБҚ» АҚ Консультативтік кеңесі қызметінің қорытындылары

2018 жыл ішінде «ҚДКБҚ» АҚ Консультативтік кеңесінің 9 отырысы өткізілді, онда келесі негізгі мәселелер талқыланды:

- депозиттердің жаңа желісін енгізу және депозиттер бойынша сараланған шекті мөлшерлемені белгілеу бөлігінде шұғыл нарықтың болмауы мәселелері және реттеу шешімдері;
- жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша ең жоғары сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін қарастыру;
- есептілікті жинау және айыппұл санкцияларын өзгерту процесін оңтайландыру;
- міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшері мен төлеу тәртібін анықтау;
- ДКЖ қатысушы банктерде кепілдік берілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған деректер базасының жаңадан тартылған депозиттер бойынша сыйақы ставкаларын есептеудің дұрыстығы мәніне банктерді тексеруді жүргізу бөлігінде Қордың талаптарына сәйкестігін белгілеу қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларды қарау.

«ҚДКБҚ» АҚ Директорлар кеңесі банк секторының мүдделерін қозғайтын мәселелерді қарау кезінде Қордың Консультативтік кеңесінің ұстанымын ескере отырып шешімдер қабылдады.

2018 жылды сандармен және фактілермен көрсету

2017 ж. (2018 жылдың басында)
млрд теңге

2018 ж. (2018 жылдың соңында)
млрд теңге

НЕГІЗГІ (ТҮЙІНДІ) КӨРСЕТКІШТЕР

689,7	Қордың активтері	806,2
235,8	Жарғылық капитал	235,8
459,1	Қордың арнайы резерві	495,0
6,9%	Арнайы резервтің нақты деңгейі	6,9%
(қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттік базасынан %)		
1,0%	Арнайы резервтің нақты деңгейі	1,0%
(ЖІӨ %)		
99,7%	кепілдік шегінде ашылған жеке тұлғалардың шоттарының %	99,7%
35,1	Қатысушы банктердің бір жылдағы күнтізбелік жарналары	31,5
38,6	Инвестициялық кіріс	44,5

ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІ

30	Қатысушы - банктер саны	26
8 221	Қатысушы - банктердегі жеке тұлғалардың депозиттері	8 765
+4%	Депозиттік базаның жылдық өсімі	+7%


КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2	Таратылатын банктердің саны	5
31	Кепілдік берілген өтем алған жеке тұлғалардың саны	2 688
0,03	Төленген кепілдік берілген өтем сомасы	12,7

II. 2018 жылы депозиттік нарықтың даму үрдісі

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банктер депозиттерінің жиынтық көлемі 8,8 трлн. теңгені құрады. 2018 жылдың басында жеке тұлғалардың депозиттерінің көлемі 8,2 трлн. теңгені құрады. Бір жылғы депозиттердің өсімі 543,9 млрд теңгені немесе 6,6% -ды құрады. Депозиттік базаның ұлғаюы депозиттердің теңгелік бөлігінің өсуіне байланысты: 2018 жылы теңгедегі депозит-

тер 671,8 млрд. теңгеге (+17,2%) өсті. «Цеснабанк АҚ («First Heartland Jysan Bank» АҚ) және «Qazaq Banki» АҚ, «Астана Банк» АҚ, «Қазақстан Эксим-банк» АҚ лицензиясынан айырумен байланысты 2018 жылдың үшінші тоқсанын қоспағанда, теңге депозиттері барлық 2018 жыл ішінде тұрақты өсімді көрсетті.



II. 2018 жылы депозиттік нарықтың даму үрдісі

2.1. Депозиттік нарық

Есепті жылы теңгедегі депозиттердің ұлғаюының негізгі факторы валюталық салымдарды айырбастау болды, ол мынадай себептерге байланысты болды: ұлттық валютадағы депозиттердің жоғары нақты табыстылығы аясында валюталық салымдардың төмен кірістілігі (1% - дан аспайтын), сондай-ақ жинақ валютасын таңдау кезінде айқындаушы фактор ретінде айырбастау бағамының мәнінің төмендеуі. Нәтижесінде айырбастау 671,8 млрд. теңгені құрады (1-сурет). Сонымен қатар¹, 2018 жылы халықтың табысы 7,9% - ды құрады. Валюталық салымдарды теңгемен депозитке айырбастау үдерісі экономиканы долларландыру саясаты кезеңінде басталды және 2018 жылдың басына

дейін белсенді жалғасты. Айырбастау нәтижесі жаппай сектор салымшылары арасында барынша айқын болды (халықтың барлық шоттарының 99,9% - ға орналастырылған салымдар 20 млн. теңгеге дейін қоса алғанда). Ірі салымдар сегментінде 50 млн. теңгеден және одан жоғары айырбастау төмен болды. 2018 жылдың соңынан бастап валюталық салымдардың теңгемен ағу үдерісі баяулап, ірі валюталық салымдардың 50 млн. теңгеден азайғаны байқалды. Валюталық қайта бағалауды есепке алмағанда шетел валютасындағы депозиттердің таза жылыстауы 800,8 млрд. теңгені құрады. Валюталық қайта бағалауды есепке алмағанда жеке тұлғалардың жиынтық депозиттік базасының таза жылыстауы 129,0 млрд. теңгені құрады.


1 сурет – Валюта бойынша депозиттердің түсімі мен жылыстауы



Шетел валютасындағы ірі салымдардың жиынтық сомасы қысқарды, өйткені 2018 жылға қарай жоғары мөлшерлемелер кезеңінде жасалған осындай валюталық

салымдар бойынша шарттардың мерзімдері аяқталды (2-сурет). Осыған байланысты инвесторлардың бір бөлігі өз капиталын баламалы қаржы құралдарына аударды.

2 сурет – 2018 жылғы валюта мен деңгейлер бойынша түсім мен жылыстау



¹ ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша орташа айлық номиналды жалақы мөлшері


2.2. Депозиттік базаны долларсыздандыру

2017 жылдың желтоқсанында экономиканы қаржылық долларландыру деңгейін төмендету бойынша шаралар шеңберінде жеке тұлғалардың валюталық депозиттері бойынша ұсынылатын ең жоғары мөлшерлеме 1,5%-дан 1%-ға дейін төмендетілді. Валюталық салымдардың тартымдылығын төмендету және теңге мен шетел валютасындағы ең жоғары мөлшерлемелер арасындағы үлкен дифференциал (13 т.т.) елеулі сыртқы макроэкономикалық күйзелістердің болмауы аясында депозиттердің долларлануына оң әсер етті. Депозиттерді долларландырудың жалпы деңгейі 2018 жылы 52,4% -дан

47,7% - ға дейін төмендеді.

Жеке тұлғалардың депозиттерін долларландыру біркелкі емес және депозиттік нарық сегментіне байланысты ерекшеленеді. 2018 жылдың соңында жаппай сегменттегі депозиттер көлемінің 74%-ы теңгемен, ал шоттар саны бойынша - 95%-ы орналастырылды. Осылайша, жаппай сегменттегі салымдарды долларландыру бойынша шаралар тиісті әсер етті. Ірі салымшылар (50 млн.теңгеден астам салымдармен) бұрынғыша шетелдік валютада жинақ сақтауды жөн көрді: 2018 жылдың соңында ірі салымдардың долларлану деңгейі 77%-ды құрады (3-сурет).

3 сурет – Салымдардың әртүрлі деңгейлеріндегі долларландыру



2.3. Қорландырудың тұрақты базасын қалыптастыру

Қазақстандық банк секторын қорландырудың тұрақты базасын қалыптастыру және экономиканы орта және ұзақ мерзімді кредиттеу бойынша банктердің мүмкіндігін ұлғайту үшін жағдай жасау мақсатында 2018 жылы екінші деңгейдегі банктерде депозиттік өнімдердің жаңа желісі енгізілді. Қазақстан Республикасының заңнамасына депозиттердің сапалы мерзімдік нарығын қалыптастыруға қатысты түзетулер енгізілді:

- 1) заңнамаға салымның (жинақ) жаңа түрін, сондай-ақ «мерзімділік талаптарына сәйкес келетін/сәйкес келмейтін депозит» және «мерзімінен бұрын алып қойғаны үшін ең төменгі айыппұл» реттеуші ұғымын енгізу;
- 2) талап ету салымдары бойынша сыйақы мөлшерінің жоғарғы шегі 0,1% деңгейінде белгіленген;
- 3) банктік салым кірістілігі базалық көрсеткіштің шамасына (Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі, инфляция деңгейі, TONIA және TWINA мөлшерлемелері) байланысты құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар депозиттерді енгізу.

Депозиттік өнімдердің жаңа желісі 2018 жылдың 1 қаңырынан бастап халыққа қолжетімді болды. Жеке тұлғалардың теңгедегі салымдары мерзімді емес, мерзімді және жинақ салымдары ретінде жіктеле бастады. Ұзақ мерзімді емес салымдар төмен табыстылықпен сипатталады, бірақ сонымен бірге салымшыға кез келген сәтте өз депозитін алуға мүмкіндік бере отырып, барынша ұтқыр болып табылады. Мерзімді салымдар мерзімінен бұрын алынған кезде сыйақының ішінара жоғалуын көздейді, бірақ неғұрлым жоғары кірістілік береді. Ең жоғары кірістілікті салымшылар ақшаны жинақ салымына орналастыра отырып ала алады, ол бойынша ақшаны мерзімінен бұрын алуға жоғары талаптар көзделген. Жинақ салымдарының тартымдылығын арттыру үшін кепілдік мөлшері 15 млн. теңге деңгейінде белгіленді.

Бұрын қолданыста болған теңгедегі депозиттердің барлық түрлері бойынша ұсынылатын ең жоғары мөлшерлемелердің бірыңғай деңгейінің орнына ең жоғары мөлшерлемелер салымның мерзімдері (3, 6, 12 және 24 ай) және түрлері (мерзімінен бұрын алу шарттары-

на байланысты), толықтыру құқығы бойынша саралана бастады. Ең жоғары ұсынылатын мөлшерлемені есептеу үшін депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлеменің мәні негіз болды. Ең жоғары мөлшерлеме спред көлеміне ұлғайтылған орташа нарықтық мөлшерлеме ретінде есептелетін болады. Сыйақы мөлшерлемесін белгілеуге сараланған тәсілді енгізу банктердің жеке тұлғалардың депозиттерін тарту кезінде пайыздық тәуекел мен өтімділік тәуекелін басқару жөніндегі мүмкіндіктерін ұлғайтуға бағытталды. Бұл тәсіл банктердің шамадан тыс пайыздық шығыстарына қатысты жағдайды реттеуге бағытталған.


Жаңа депозиттер желісін енгізу банк нарығында қалыптасқан жағдайда қажетті қадам болды. 2018 жылдың басында жеке тұлғалардың депозиттік базасы іс жүзінде мерзімсіз депозиттерден тұрды, олар банктерді қорландырудың тұрақты базасы бола алмайды, өйткені олар іс жүзінде талап етуге дейінгі салымдар болып табылады. 2018 жылдың 1 қаңтарында теңгедегі депозиттердің 78,6%-ы мерзімді емес депозиттерде, 16,5%-ы - ағымдағы және карточкалық шоттарда, қалғандары - шартты депозиттер мен талап ету бойынша депозиттерде орналастырылған.

Жаңа депозиттік желіні енгізу қолайсыз нарықтық жағдайлар кезеңінде жүргізілгеніне қарамастан:

- теңгенің айырбас бағамының ұзақ уақыт әлсіреуі;
- халықтың жоғары инфляциялық және девальвациялық күтулері;
- ДКЖ үш банк-қатусышыны мәжбүрлеп тарату аясында банк жүйесіне деген сенімнің төмендеуі.

Осыған қарамастан, 2018 жылдың төртінші тоқсанының қорытындысы бойынша депозиттердің жаңа жіктелуіне сәйкес жинақ және мерзімді салымдарға 89,3 млрд.теңге тартылды. Осы салымдардың жартысынан астамы, атап айтқанда 56,6%-ы 6 айдан 12 айға дейінгі мерзімге, ал 33,5% - ы бір жылдан жоғары мерзімге орналастырылды. Салымшылар толықтыру құқығымен мерзімді депозиттерге және толықтыру құқығынсыз жинақ депозиттеріне артықшылық берді. Бірақ 2018 жылдың соңында теңгедегі депозиттер құрылымында әлі де мерзімі өтпеген салымдар басым болды (4-сурет).


4 сурет – 2019 жылдың 01 қаңтарына депозиттер құрылымы теңгемен



Жинақ депозиттері бірте-бірте халықтың сенімі мен қызығушылығын жеңіп алды және одан әрі жеңу жалғасып келеді. Қазан айында жинақ депозиттеріне 5,1 млрд теңге тартылды. Жинақ салымдарын іске қосу басталғаннан бастап

алғашқы екі ай ішінде осы депозиттерді тарту өсімі теңгемен депозиттердің жалпы өсімінен айтарлықтай асып түсті және 2018 жылғы қарашада 37,7% -ды және 2018 жылғы желтоқсанда 91,2% -ды құрады (5-сурет).


5 сурет – Теңгедегі депозиттердің жаңа түрлерін тарту



III. 2018 жылғы Қор қызметінің нәтижелері

2018 жылы 4 банк ДҚБЖ қатысушы-банктерінің тізілімінен шығарылды: «Qazaq Banki» АҚ, «Эксим-банк Қазақстан» АҚ, «Астана Банк» АҚ және «Каз-коммерцбанк» АҚ. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай

бойынша ДҚБЖ-не «Al-Hilal» Ислам банк» АҚ және «Заман-Банк» Ислам банк» АҚ екі исламдық банктерден басқа Қазақстандағы қолданыстағы 28 екінші деңгейдегі банктердің 26-сы қатысады.



III. 2018 жылғы Қор қызметінің нәтижелері

3.1. Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің тиімділігі

Қордың кепілдігімен жеке тұлғалар шоттарының барлық 100%, бұл ретте 2018 жылдың соңында толық көлемде – шоттардың 99,7% жабылады. Банк клиенттерінің – жеке тұлғалар саны 2018 жыл ішінде 28,6 млн-нан 32,7 млн. адамға дейін өсті – бұл халыққа бір уақытта бірнеше банктерде қызмет көрсетілетінін көрсетеді. Барлық шоттар бойынша нөлдік қалдықтары бар клиенттер санын есепке алмағанда, клиенттік базаның өсімі 1,1 млн адамды (5,3%) құрады.

Банктердің өз депозиторларына қарсы талаптарын ескере отырып, Қордың барлық банктер бойынша ықтимал болашақ міндеттемелерінің сомасы 4,0 трлн. теңге немесе 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша депозиттік базадан 45,5% құрады. Бұл көрсеткіш 2018 жылы 4,5 п.п. өсті, ол валюталық депозиттерді теңгемен депозиттерге айырбастаумен түсіндіріледі, олар бойынша қор кепілдігінің мөлшері жоғары, сондай-ақ депозиттік базаның жалпы көлеміне қатысты толық көлемде кепілдікке түсетін депозиттер көлемінің артуымен түсіндіріледі. Қор кепілдігінің көлемі бойынша аспайтын салымдарда жыл басында жеке тұлғалардың депозиттерінің

38,9%-ы, ал жыл соңында - 40,4% -ы орналастырылды.

2019 жылғы 1 қаңтарға жарғылық капитал мен инвестициялық кірістің 70% -ын ескере отырып, Қордың арнайы резервінде 604,5 млрд. теңге (\$1,6 млрд.) жинақталған, бұл халықтың депозиттерінің шамамен 7% -ын жабады.

Басқа елдермен салыстырғанда Қазақстан депозиттерге кепілдік беру жүйесінің жинақталған резервінің елеулі көлеміне ие: Қорды қаржылық қамтамасыз ету абсолюттік мәнде Португалия, Румыния, Чехия және Нидерланд (сәйкесінше, \$1,9 млрд., \$1,7 млрд., \$1,4 млрд. және \$1,1 млрд.) сияқты еуропалық елдердің деңгейімен салыстыруға болады. Басқа көрсеткіштік салыстыру - бұл арнайы резерв көлемінің елдің ЖІӨ-ге қатынасы. Қазақстанда бұл көрсеткіш 1,0% -ды құрайды; тұра сол көрсеткіш Португалияда 0,9%-ды, Румынияда 0,8%-ды, Чехияда 0,7%-ды, Нидерландта 0,1%-ды, АҚШ-та 0,5%-ды құрайды. Арнайы резервтің айтарлықтай көлемі Pay Vox+ сәйкес келетін Қордың ағымдағы мандатына байланысты, оған сәйкес Қор резерві негізінен депозиттер бойынша кепілдік берілген өтемді төлеуді жүзеге асыру үшін ғана пайдаланылады.


3.2. Арнайы резервті қалыптастыру

Қор ДҚЖ-не қатысушы банктердің күнтізбелік жарналарын есептеуді тоқсан сайын «БАТА» («БАТА» АЖ) қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемесін есептеу жүйесі арқылы жүзеге асырады. Жарна мөлшері қатысушы-банктің қаржылық жағдайына және оның қызметінің тәуекел-бейінін бағалауға байланысты. Жүргізілген есеп айырысулардың қорытындылары бойынша қатысушы-банкке тиісті балл қойылады, олардың негізінде оның жіктеу тобы анықталады, олардың әрқайсысына өз жарна мөлшерлемесі сәйкес келеді: қаржылық тұрақтылық деңгейі неғұрлым төмен болса және банк тәуекелінің деңгейі жоғары болса, оның міндетті күнтізбелік жарнасының мөлшерлемесі соғұрлым жоғары болады.

Қатысушы банктердің күнтізбелік жарналарының жинақталған сомасы 2018 жылдың соңында 251,4 млрд. теңгеге жетті. Қатысушы банктер 2018 жылы төлеген күнтізбелік жарналардың жиынтық сомасы 31,5 млрд теңгеден асты. 2018 жылы қатысушы банктерден алынған жарна сомасы 2017 жылға қарағанда 3,9 млрд. теңгеге аз. Бұл 2018 жылы ДҚЖ қатысушы банктерінің саны қысқарғанымен бай-

ланысты. Бұдан басқа, есепті жылы 6 қатысушы банк өз позицияларының жақсаруына байланысты жарналардың төмен мөлшерлемелері бар топтарға ауысты. «А» тобының үлесі - 15,4% (4 банк), «В» тобының үлесі - 38,5% (10 банк), «С» тобының үлесі - 34,6% (9 банк), «D» тобының үлесі - 3,8% (1 банк) және «S» тобының үлесі - 7,7% (2 банк) болды (6 – сурет, 1-кесте).

6 сурет – «БАТА» АЖ жіктелу топтары бойынша ДҚЖ қатысушы-банктерінің бөлінуі



1 кесте. Міндетті күнтізбелік жарналар мөлшерлемесі

Жіктеу тобы	A	B	C	D	E	S
Қатысушы банктің күнзбелік жарнасының мөлшерлемесі (қатысушы банктің жеке тұлғаларының барлық депозиттері сомасының % ы)	0,04	0,08	0,11	0,19	0,38	0,50
Жіктеу тобына жатқызылған, қатысушы банктердің саны	4	10	9	1	0	2

Активтерді инвестициялау

2018 жылдың соңында Қор активтерін инвестициялау 806,2 млрд теңгені құрады, оның ішінде арнайы резерв активтері – 553,4 млрд теңге. Қор активтерін инвестициялаудың негізгі мақсаттары активтердің сақталуын қамтамасыз ету және активтерді жоғалту тәуекелдерін азайту болып табылады.

Сондықтан қордың активтері «ВВ-/Ba3» төмен емес жоғары рейтингтері бар жоғары өтімді бағалы қағаздарға, оның ішінде ҚР ҚМ, ҚРҰБ ноталары, АҚШ үкіметінің облигациялары, ЕҚЖДБ, МҚҰ облигациялары, «Самұрық-Қазына «ҰӘҚ» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Бәйтерек «ҰБХ» АҚ облигациялары орналастырылған.

2 кесте. - Қордың арнайы резерв портфелі

(млн.теңге)		
Атауы	31 желтоқсан 2018 жыл	Портфелдегі ФИ үлесі
ҚР ҚМ облигациялары	144 857,0	27%
ҚРҰБ ноталары	161 272,7	30%
ҚРҰБ-гі депозиттер	21 079,7	4%
АҚШ үкіметінің облигациялары	116 587,0	23%
ЕҚЖДБ, МҚҰ облигациялары	82 208,4	15%
Самұрық-Қазына «ҰӘҚ» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Бәйтерек «ҰБХ» АҚ облигациялары	11 378,6	2%
Теңгемен орналастырылмаған ақша	0,6	0%
БАРЛЫҒЫ	537 384,0	100%

2018 жылғы қазанда инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарының, шетел валютасында номинацияланған қаржы құралдарының тізбесінен шығару бөлігінде Қордың инвестициялық стратегиясына өзгерістер енгізілді. Осы өзгерістер қордың кепілдік берілген өтемді тек ұлттық валютада ғана төлеуіне байланысты. Бұдан басқа, шетел валютасындағы бағалы қағаздар бойынша кірістілік 1-1, 5% - ды құрайды, ал теңгедегі бағалы қағаздар бойынша кірістілік 10% шегінде құрайды. Инвестициялардың тиімділігін арттыру үшін рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесінен халықаралық қаржы ұйымдарының Ислам облигациялары алынып тасталды және халықаралық қаржы ұйымдарының, Еуразиялық даму банкінің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Баспана ипотекалық ұйымы» АҚ облигациялары, сондай-ақ «ВВ-/Ba3» төмен емес кредиттік рейтингі бар өзге де субъектілердің облигациялары енгізілді.

ХҚЕС 9 енгізу

2018 жылы Ең үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес Қор қаржы құралдарын жіктеу және бағалау, сондай-ақ резервті есепке алу бөлігінде есеп саясатын жетілдірді. Атап айтқанда, 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ХҚЕС 9 «Қаржы құралдары» стандартын қолдану үшін міндетті болды, осыған сәйкес күтілетін кредиттік шығындар негізінде қаржылық активтер мен міндеттемелердің құнсыздануына провизиялар қалыптастыру қажет.

Күтілетін шығындарды жабу үшін провизияларды бағалау және қалыптастыру сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде өз міндеттемелерін жедел орындауға мүмкіндік береді. Қор «Делойт» ЖШС-мен бірлесіп кепілдік берілген өтемді төлеумен байланысты қаржылық кепілдіктерді жабу үшін резервті есептеу әдістемесін (1-әдістеме) және қаржылық активтер үшін күтілетін кредиттік шығындарды есептеу әдістемесін (2-әдістеме) әзірледі. 1-әдістеме әрбір жеке қатысушы банк бойынша дефолт ықтималдығын және банктерді мәжбүрлеп тарату процесінде Қор Төлеген қаражатты қайтаруды ескере отырып, қалпына келтірілмейтін ресурстардың үлесін бағалау жолымен анықталатын күтілетін кредиттік шығындардың мөлшерін бағалауға мүмкіндік береді. Дефолт ықтималдығы өткен сақтандыру оқиғаларымен неғұрлым корреляцияланатын сандық және сапалық көрсеткіштерді пайдалана отырып, Тарихи деректер негізінде бағаланады. 2-әдістеме бастапқы тану сәтінен бастап қаржы құралдары үшін кредиттік тәуекелдің өзгеру мәнділігін бағалауға және олардың құнсыздануын есептеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты Қордың күтілетін кредиттік шығындары 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 20,6 млрд.теңге, активтер бойынша – 94,8 млн. теңге, ал 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тиісінше 55,9 млрд. теңге және 175,7 млн. теңге мөлшерінде міндеттемелер бойынша анықталды.

3.3. Банктерді тарату және кепілдік берілген өтем төлеу

Банктерді тарату

2018 жылы «Казинвестбанк» АҚ және «Delta Bank» АҚ-ны мәжбүрлеп тарату басталды, тиісінше 2016 және 2017 жылдары банк операцияларын жүргізуге берілген лицензиялары кері қайтарылып алынды, сондай-ақ ДҚЖ-не қатысушы үш банктің лицензиялары кері қай-

тарып алынды: «Qazaq Banki» АҚ, «Астана Банкі» АҚ және «Эксімбанк Қазақстан» АҚ. Бұдан басқа, 2005 жылғы қарашада басталған «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ мәжбүрлеп тарату процесі аяқталды. 2018 жылдың соңындағы жағдай бойынша барлығы 5 Банк мәжбүрлеп тарату процесінде болды және 2 банк бойынша оларды тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі күтілуде.

3 кесте. - Таратылып жатқан банктердің салымшыларына кепілдік өтеу сомасы

	Лицензиядан айыру күні	Сот шешімінің күні	Сот шешімінің заңды күшіне енген күні	Салымшылардың жалпы саны	Салымшыларға кепілдік берілген өтем сомасы (млн теңге)
«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ	02.06.2005	16.11.2005	02.12.2005	163 504	772, 1
«Валют-Транзит Банк» АҚ	26.12.2006	13.02.2007	01.03.2007	267 285	18 340,9
«Казинвест Банк» АҚ	27.12.2016	18.08.2017	24.01.2018	70	2,1
«Delta Bank» АҚ	03.11.2017	13.02.2018	25.04.2018	2 402	158,1
«Qazaq Banki» АҚ	28.08.2018	24.10.2018	12.12.2018	18 001	20 501,2
БАРЛЫҒЫ				451 262	39 774,4

2018 жылы тарату комиссияларының жұмысындағы Қордың рөлі өсті. 2018 жылдың соңындағы жағдай бойынша Қор қызметкерлері «Валют-Транзит Банк» АҚ, «Delta Bank» АҚ, «Qazaq Banki» АҚ-ның тара-

туына қатысты, оның ішінде, тарату комиссияларының басшылары ретінде, сондай-ақ «Қазақстан Эксімбанкі» АҚ және «Астана Банкі» АҚ уақытша әкімшіліктерінің құрамына кірді.

4 кесте. - Есепті жылдың соңындағы жағдай бойынша Қордың тарату комиссияларына мынадай талаптар қойылды:

	Қордың тарату комиссияларына қойылатын талаптарының сомасы		Тарату комиссияларымен қанағаттандырылды	
